

– Облыстың әлеуметтік-экономикалық жағдайына, атқарылып жатқан жұмыстарға оң баға беремін



Өскемендегі оқушылар сарайында

Кеше Мемлекет басшысы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ жұмыс сапарымен Шығыс Қазақстан облысына келді. Ел Президентін облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ қарсы алып, Өскемен мен Семей қалаларындағы бірқатар әлеуметтік, индустриялық-инновациялық нысандарды аралатып көрсетті. Елбасы олардың тыныс-тіршілігін мен жете танысып, жұртшылықпен жүздесті.

Орталықтың қызметі көңіл қуантады

Мемлекет басшысы ең алдымен Өскемендегі облыстық Ана мен бала орталығына ат басын тіреп, медицина мекемесінің ұжымымен кездесті. Орталықтар аралау кезінде Елбасыға өңірдегі негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер және денсаулық сақтау саласын дамыту жөніндегі бағдарламаны іске асыру барысы туралы баяндалды. Өз ішкі ел Президенті Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ мемлекет тарапынан отандық денсаулық сақтау саласын әрқандай жоғары мен беріліп отырғанын, соның арқасында ана мен бала өлімі азайып, адамдардың өмір сүру ұзақтығы ұлғайып жатқанына қуанышты екенін білгіні таңда қабылданған шаралар ең әуелі дені сау, сауатты ұлтты

қалыптастыруға ықпал ететініне ерекше тоқталған Елбасы өзін қуа болған ана мен бала орталығының қызметіне оң бағасын берді.

Медициналық орталық негізінен 575 орынға арналған. Онда педиатриялық және акушер-гинекологиялық блоктар, перинаталды және жалпы науқастарға арналған бөлімдер бар. Жеп жүзге жуық медицина қызметкері жұмыс істейді. Орталықтың басты міндеті – жүкті және жас босанған аналарға көрсетілетін арнаулы медициналық көмектің сапасын арттыру. Сондай-ақ, перинаталдық және ана өлімін азайту, ана болуға дамындау мақсатында уақытша, жұптық және босану кезінде медициналық бақылаудың мониторинг жүргізудің бірыңғай жүйесін құру болып табылады.

Бұдан соң Президент қаладағы 110 миллион теңге көлеміндегі бюд-

жет қаржысына қайта жөндеуден өткізілген балалардың функционалды сауаттылығы мен шығармашылық қабілетін дамытумен қатар, қосымша білім беруге бағытталған оқушылардың шығармашылық сарайын көрді. Осыған дейін ғимаратқа әдейілен бас сұққан талай құрметті мейманның тандамысын туғызып, көз қуанышына айналған зәулім сарайдың ұлттық нақыштағы ішкі-сыртқы бекендірілуі, заманауи үлгідегі технологиялармен жабдықтауы, ең бастысы, бір жүйеге келтірілген жұмысы Мемлекет басшысының көңілінен шықты. Көркемдер-эстетикалық, денешынықтыру-спорт, декоративті-қолданбалы, әлеуметтік-педагогикалық, техникалық және экобиологиялық деп аталатын көптеген бағыттарда екі жарым мың балаға қосымша білім беретін шығармашылық сарайында 141 Көшбасшысына республика бойынша Шығыста бірінші болып жұмыс істеп жатқан «Қазақстан жолы» тәрбие-білім орталығының, сондай-ақ, «Дарын» білім беру орталығының үйірмесін, техникалық мамандықтар таңыстырылды. Осы жерде оқушыларға өздерінің инвестициялық

жобалары туралы кеңінен мағлұматтар беруге мүмкіндік туды.

Мәселен, Өскемендегі №25 орта мектептің 5 сынып оқушысы Глеб Данилов «Баланың электронды ақшасын» атты жобасын таңастыра, көбейтінді №3 мектеп-гимназияның 10 сынып оқушысы Мадина Еркінова ресейлік ғалымдардың өзін таңғалдырған «Экологиялық талаптарды ескере отырып, қаладағы көліктер ағынын математикалық жолмен модельдеу», яғни, жалаңқалпымен айтқанда, «көшедегі көлік кептелістерін экологиялық талаптарды ескере отырып ширату» деп аталатын жобасын телеэкран арқылы көрсетіп, жан-жақты түсіндірді.

Мадинаның жобасы мәскеулік ғалымдарды мойындады

Бір көңіл аударатын жайт, осы жобаны Мадина Ресейдегі Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінде (ММУ) білікті ғалымдардың алдында сәтті қорғап, халықаралық мамандардың жоғары

бағасын алыпты. Аталған жоғары оқу орнының ректоры Виктор Садовничий талантты қазақ қызының еңбегіне зор қызығушылық білдіріп, жобаны ары қарай бірлесіп жетілдіруге ұсыныс жасапты. Тіпті, ММУ-ға тегін оқуға шақырған екен. Бірақ өзін Останын ерекше сүйіп, құрметтейтін Мадина мектепті бітірген соң НАЗАРБАЕВ университетіне оқуға түсуді армандап жүргенін жеткізді.

Бұл сарай өте керемет екен. Астананың өзіндегі оқушылар сіздерге қызығушылықпен қарайды. Осы игілікті дұрыс пайдаланып, бос уақыттарыңызда шығармашылықпен айналысыңыздар, түрлі үйірмелерге қатысыңыздар. Ол үшін барлық жағдайлар қарастырылған мұнда. Сіздерге зор денсаулық, оқуда табыс тілеуім, – деп жүрекжарды тілегін арнаған Мемлекет басшысы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ білім мен тәрбиенің осыған айналар мекемеге су жаңа үлкен бір автобусты сыйға тартты.

Айта кету керек, оқушылардың шығармашылық сарайы Елбасының тапсырмасын орындау мақсатында қайта жөндеуден өткізілген. Қосымша білім беру мекемесі бір мезгіте 700

балаға дейін қамтуға әлеуетті. Биылғы жаңа оқу жылынан бастап мұнда жүзге жуық үйірме ашылады.

Еліміздегі бірегей өндіріс орны екенін атап көрсетті

Бұдан соң Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ «Kazakhstan Solar Silicon» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің фотолектрлі пластиналар шығаратын зауытында болып, «Жасыл экономика» бағдарламасы аясындағы жобаны жүзеге асырып жатқан аталмыш өндіріс нысанымен танысты.

«Қазақомөндіріс» ұлттық атом компаниясы қолға алған бұл ауқымды жобаның жалпы құны 23 миллион теңгеден асады, зауыт жылына 65 МВт қуат өндіретін фотолектрлі пластиналар шығаруға қауқарлы. Өндіріс орнында үш жүзден астам жұмыс орны құрылған.

– Облыстың әлеуметтік-экономикалық жағдайына, атқарылып жатқан жұмыстарға оң баға беремін

(Сөйлеу басы 1 бетте)

Кәсіпорында Франция технологиясын пайдаланып жатқан еліміз үшін мүлдем жаңа өнім, яғни, күн батареялары арналған фотоэлектрлік пластиналар шығарылып, негізгі шығару ретінде мұнда Қазақстанда игерілетін металлургиялық, тазалықтағы кремний қолданылатын болады.

Осылайша, елімізде жоғары технологиялық әрі ғылымға бейімделген өндіріс орны құрылып отыр, бұл жоба Қазақстан ауылдарында энергетиканың бапалы түрлерін дамытуға, сонымен қатар, технологияның жаңа, басқекке қабылдетті түрлеріне қол жеткізуге бірегей мүмкіндік береді.

Зауыт құрылысы 2012 жылдың көктемінде басталған. Қазіргі кезде ғимараттың құрылыс жұмыстары аяқталып, француздың «ЕСМ» және «SEMCO» компаниялары жетекшілік аса күрделі құрылыстардың монтаждалуы аяқталуға жақын. Тауы арада іске қосу жұмыстары қолға алынсақ. Осы жылдың желтоқсан айында зауыт толыққанды жұмысқа кірісіп, өнім өндіре бастайды деп күтіледі.

Өндіріс орнының жұмыс істеу принципімен, технологиялық құрал-жабдықтардың монтаждалу барысымен танысқан соң Елбасы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ кәсіпорын жұмысшыларымен әңгімелесіп, олар еңбек ететін зауыттың бірегей өндіріс орны екенін атап өтті.

– Күрметті Нұрсұлтан Әбішұлы! Сізге «Kazakhstan Solar Silicon» серіктестігі ұжымы атынан шексіз қасиетімен білдіруге рұқсат етілді! Маңызды зор жобаны бізге сенім білдіріп, орындауға талпына бергеніңізге көп көп рақмет. Оң зауыттың арасында төрт жүзге жуық адам жұмыс орынын тауып, өздерінің әлеуметтік, тұрмыстық жағдайларын жақсартуда. Алдағы уақытта қажырлы еңбек етіп, елімізге сапалы өнім беруге, Сіздің сеніміңізді ақтауға тырысамыз! – деді зауыт жұмысшысы Әмірбек Құрманғалиев.

Зауыттағы техникалық бақылау бөлімінің шебері Ирина Клишневская да Елбасына осындай үлкен жобаға қолдау білдіргені



Елбасыменгі фотоэлектрлік пластиналар шығаратын зауытта

даму, сондай-ақ, қаншаулық сақтау және халықты жұмыспен қамту салаларындағы бағдарламалардың жүзеге асып жатқанына көз жеткізіп отыр. Мемлекет басшысы, сонымен қатар, облыстың тұрақты дамуы келе жатқанын, орташа алғанда өнеркәсіптің өсімі 6,8 пайызды құрал отырғанын атап өтті. Бұл орайда негізгі зыя әуес өнеркәсіп және машина жасау саласына тиесілі. Әлеуметтік қолдау, денсаулық сақтау бағытында да ілгерілеу байқалады. Осының бәрі елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының жалпы оң қорытындысына елеулі үзе қосады.

– Өндіріс, өндірістік саласында болсын, әлеуметтік саласында болсын, ауыл шаруашылығында болсын өсім бар. Сондықтан, өндіріс, әлеуметтік-экономикалық жағдайына, осында атқарылып жатқан жұмыстарға

Оның 17-сі қару-жарақ пен әскери техника, сондай-ақ, мұнай-газ, теміржол, агроөндіріс, жылу энергия кешендері арналған өнімдерді шығарып, оларды дермен әскери техникалық аймақтардағы саласында жаңа сатыға көтерілді десе де болады. Семедей зауыт – осы кәсіпорынның еңшілес саласы. 2011 жылы украиндық әріптестермен бірлесіп, «Семей инжиниринг» акционерлік қоғамының өндірістік қуатын арттыру шаралары басталды. Нәтижесінде бұл жерде жылдан бастап «Т-72» танкілері күрделі жөндеу жасалатын болады. «Семей инжиниринг» кәсіпорының өндірістік қуаты мығым. Кәсіпорын бронемашина мен әскери техникаға жылына 600 рет күрделі жөндеу жүргізуге мүмкіндік

ұйым мүшелері қатысты.

2006 жылдан бастап халықтың жағдайы жақсара бастады, – деді Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ – Семедей дамуына орай. Үкіметтен 37 млрд теңге бөлінді, соның дені қалдағы жылу жүйесін қайта жаңғыртуға жұмсалды. Барлық тапсырмалар орындауға жатыр. «100 кәсіп, 100 ауыл» бағдарламасы бойынша полигоннан зардап шеккен жердің тұрғындарына мектеп, ауруханалар салында. Жаңа ғана барлық келген бронемашина зауытында мыңдаған адам еңбек етеді. Индустриалдыру қайтасы бойынша бірнеше мың адам салынды. Өздеріміз білесіздер, айелдердің зейнет жасына бағынысты уақытты біршама шегерген. Халықтың басым көпшілігіне бекеткендіру. Сондықтан да ел дамуы үшін мен осындай ішкімізге келдім, бала күтімімен отырған әйелдерге де тиісті жеңілдіктер болатындығын мен өткенде айтқанмын.

– Сізбен арнайы азаматсыз келеді, – деді Президенттің қолын қысқан Ф. Достоевский атындағы театр директоры Яков Горельников. Біз рухы-мәдени бай қаламыз. Қазақстандағы түрлі ұлттардың достығы жарасқан, бұл – үлкен жетістік. Бізде қазық театрының да, орыс театрының да қойылымдарының билеті бір апта бұрын сатылып кетеді. Халықтың өнерді бағалауы өте жақсы әрі жоғары деңгейде.

– Адамдардың театрга келіп жатқандығы олардың жағдайының жақсарғанын көрсетеді, – деді Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ – Осындай-ақ, Семедей әлеуметтік жағдайдың түзетуін байқауға болады.

«Достық» үлгіні директоры Шолпан Балғозина әйелдердің зейнетке шығу жасына бағынатын реформаға қолдау көрсететіндігін айтты. Сондай-ақ, ол еліміздегі конфессияларлық келісім мен ұлтарақлық тапалықты нығайтуға бағытталған Елбасының сандарлы саясатын атап көрсетті.

– Семедей өркендеп келеді, – деді Елбасы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ – Халық еңбек етіп, жағдайымыз түзетіп жатыр. Әлем елдерінің экономикасы дағдарыс үстінде. Біз әлемдік дағдарысты еңсере білдік. Десек те, алдағы уақытта тағы да дағдарыстар күтіп тұр. Еуропадағы зауыттары жұмыс істемей, уақытша тоқтауда. Бұл бұндай дағдарысқа ілкіпкедің қамын жасаудамыз. Қаржы жағын қарастырудамыз. Жұмыс істеу керек. Бізде тұрғын үй шаруашылығы дүркірей жатты. Семедейде күн энергиясы батареяларын шығаратын зауыт болашаққа нақты бағыт-бағдар береді. Басқа да игі бастамалар жетерлік. Осының бәрін біздің бейбіт өмір кешіп отырғандығымызды көрсетеді. Осы жұмыстарымыз атқарып ілгерілеуге көмек көрсетіп отырған облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВТЫҢ еңбегін жоғары бағалаймын. Ол шалғын қалалардың, тірек ауылдардың, қасікерліктері дамуына, бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін маңызындағы еңбегін жоғары бағалаймын. Семедей жылу беру жолға қойылды. Қаламыз жылыту кезеңінде дайындалу мақсатына білініп кыруар қаржы тиімді пайдаланылды. ЖЭО-1, Бұқартау қазандықтары, алдағы уақытта ЖЭО-2, «Матерістердің ауыстырылды. Енді қалған жұмыстарды реттеу керек. Қасікерлерге ардайым қолдау көрсетеміз.

Серік Әбілхан,
Ержан Әбіш,
Раушан Нұғманбекова



«Семей инжиниринг» АҚ да ұйымдастырылған көрме

үшін еңбеккерлер атынан алғысын айтты. Ол фотоэлектрлік пластиналар шығаратын еліміздегі тұңғыш зауытта еңбек етуді ерекше мақтан тұтатынын жеткізді. Францияда оқу-тәжірибемен өтіп, құнды тәжірибе жинақтап келген Ирина енді сол алған білімді жетік қолдануға әзір. Қазіргі кезде ол «SEMCO» компаниясындағы француз әріптестерімен бірге құрал-жабдықтарды монтаждау, қосу-реттеу жұмыстарымен айналысып жүртіп екен.

– Бұл – күн батареяларынан арналған пластиналар жасайтын еліміздегі тұңғыш зауыт. Мұндай инновациялық, кәсіпорын Қазақстанға аса қажет, ол біздің баламалы энергетикасы кеңінен дамытуға мүмкіндік береді. Сіздерді ауқымды жұмыстар күтіп тұр, сол себепті еңбектеріңізге табыс тілеймін! – деді Мемлекет басшысы зауыт ұжымы алдында.

БАҚ өкілдеріне берген қысқаша сұхбатында Елбасы Шығыс Қазақстан облысына сапары барысында аса маңызды мемлекеттік бағдарламалар, атап айтқанда, индустриялық, инновациялық

оң баға берімін. Шығыс Қазақстан халқына зор денсаулық, жақсылық, отбасыларына тыныштық тілеймін, – деді Елбасы.

Бұл кәсіпорынның қуаты мығым

Ел Президенті Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ Семей қаласындағы «Семей инжиниринг» АҚ-да болды. Елбасы өндіріс орнының жұмысымен, жұмысшылардың әлеуметтік жағдайымен танысты. Елімізде Қарулы Күштерімен басқа да әскери құрылымдардағы технологиялық жанару және қару-жарақ пен әскери техника өндірісін дамытуға 2011-2015 жылдарға арналған бағдарламасы қолға алынған. Бағдарлама бойынша жаңа қару-жарақ пен әскери техниканың жыл сайынғы өсімін жеті пайызға арттыру қажет. Осы мақсатта «Қазақстан инжиниринг» АҚ акционерлік қоғамы құрылды. Бұл компания холдингтік құрылым ретінде бірнеше қорғаныс өнеркәсібі кешендерінің басын біріктіріп отыр. Компания құрамына 29 еншілес және тәуелді кәсіпорын кіреді.

бар. Сондай-ақ, БТР-60П5 базасында «Иртыс» апаттық-көліктік, БРДМ-2 базасында «Ишкі» мен инкассаторлық, «Иртыс-ЭМ» көлік, орман шаруашылығына арналған өрт сөндіру және «Қазақмыс» АҚ-ына жерасты жұмыстарына арналған техникалар шығарылады. Кәсіпорында 2007 жылы халықаралық стандарттарға сәйкестіп тұрғысынан сапа менеджменті жүйесін енгізген. Кәсіпорын қызметінің негізгі түрлері броньды танк қару-жарағы мен техникаларын дайындау, өндіру және жөндеу, сондай-ақ, оларды күштік құрылымдардың пайдалануы үшін жөндеуге болып табылады. Зауытты аралау кезінде Мемлекет басшысына полигонда броньды танк техникасының тәжірибелік үлгілері және оның әлеуеті мүмкіндіктері көрсетілді.

Семедей жылу мәселесі дұрыс жолға қойылды

Бұдан соң Елбасы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ ЖЭО-1-де болып, жергілікті халықпен жүздесті. Кездесуге қала активі, қоғамдық